

Қытай және қазақ тілдеріндегі іскери коммуникациядағы этикалық стандарттар

ЖАРИЯЛАНДЫ 13.05.2025	ТИРЕК СӨЗДЕР business communication, China, ethics, intercultural communication, Kazakhstan, professional interaction, бизнес этика, деловая коммуникация, іскерлік коммуникация, Қазақстан, кәсіби қарым-қатынас, Китай, Қазақстан, Қытай, мәдениет, мәдениетаралық қарым-қатынас, межкультурное общение, профессиональные отношения, этика	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/179240/
---------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------

Скакова Нургуль Дархановна

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Шығыстану факультеті
«6B02301 — Аударма ісі: қытай тілі» мамандығының 4 курс студенті
Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – **Зейдаұлы Бақытжан** (Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ)

Аңдатпа. Аталған мақалада Қазақстан мен Қытай елдеріндегі іскерлік қарым-қатынастың мәдениетаралық ерекшеліктері мен этикалық стандарттары қарастырылды. Іскерлік коммуникация – кәсіби ортадағы мақсатқа бағытталған қарым-қатынас түрі ретінде сипатталды. Кең мағынада бұл өндірістік, заңгерлік, кәсіпкерлік сияқты түрлі салалардағы өзара әрекеттесу процесі. Мақалада мәдениетаралық қарым-қатынастағы құндылықтар, сенімдер мен мінез-құлық ерекшеліктерінің іскерлік байланыстарға ықпалы талданды. Зерттеу барысында қазақ және қытай тілдеріндегі іскерлік мәдениеттің айырмашылықтары мен ұқсастықтары салыстырмалы түрде сарапталды. Мақсаты – екі ел арасындағы тиімді іскерлік серіктестік орнату үшін қажетті мәдени және тілдік этикалық нормаларды анықтау.

Кілт сөздер: іскерлік коммуникация, мәдениетаралық қарым-қатынас, Қазақстан, Қытай, бизнес этика, мәдениет, кәсіби қарым-қатынас.

Аннотация. Статья посвящена анализу этических стандартов в деловой коммуникации между Казахстаном и Китаем с межкультурной точки зрения. В широком смысле деловая коммуникация охватывает профессиональные взаимодействия в различных сферах, таких как производство, юриспруденция, предпринимательство.

Автор подчёркивает важность учета культурных различий, ценностей и поведенческих норм при установлении международных деловых связей. Проведено сопоставление казахской и китайской моделей делового общения, выделены ключевые особенности, влияющие на этичность и результативность коммуникации. Целью работы является выявление универсальных и локальных этических норм, способствующих успешному сотрудничеству.

Ключевые слова: деловая коммуникация, межкультурное общение, этика, Казахстан, Китай, профессиональные отношения.

Annotation. This article explores the ethical standards of business communication between Kazakhstan and China within an intercultural framework. Broadly defined, business communication refers to professional interactions across various sectors such as manufacturing, law, and entrepreneurship. The study emphasizes the significance of recognizing cultural differences, values, and behavioral norms in fostering effective international cooperation. A comparative analysis of Kazakh and Chinese business communication styles highlights both the similarities and the unique features of each culture. The aim is to identify the cultural and linguistic ethical standards necessary for establishing successful and respectful partnerships.

Keywords: business communication, intercultural communication, ethics, Kazakhstan, China, professional interaction.

Әрбір іскер адам өз мәдениетінің тасымалдаушысы бола отырып, күнделікті өмірде бұл ерекшеліктерді байқамайды. Алайда басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас барысында мінез-құлық, ойлау тәсілі мен тәжірибедегі айырмашылықтар айқын байқалады. Бұл айырмашылықтар адамның көзқарасына әсер етіп, іскерлік қарым-қатынас стилін қалыптастырады. Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың тереңдеуімен қытай мәдениетінің, әсіресе тағамдары мен тұтыну стильдерінің енуі байқалады. Бұл үрдіс Алматы, ШҚО және ОҚО өңірлерінде көбірек көрініс табады. Қытай мамандары үшін серіктес елдің іскерлік мәдениетін білу сындарлы әріптестікке жол ашады. Сондықтан тиімді диалог орнату үшін қазақ және қытай іскерлік этикасының құндылықтары мен нормаларын салыстыра зерттеу қажет. Төменде қазақ және қытай қоштасу формаларының кестесі берілген.

Кесте 1. Ауызша арнадағы қазақ және қытай қоштасуларын салыстыру

Түрлері	Қазақ тілінде жиі кездесетін қоштасу	Қытай тілінде жиі кездесетін қоштасу
Жалпы қабылданған қоштасу	Қош бол	☺☺
Қалаған сөздермен қоштасу	Сізге тілегім келетіні табыс / Сәттілік... Сізге бар жақсылықты тілеймін... Жаңа күнде кездесейік... Сізге сәттілік!	☺☺☺☺ ☺☺☺☺☺☺

Ризашылықпен қоштасу	Көп рақмет (назар аударғаныңыз үшін) Мен бәріңізге алғыс айтқым келеді... Бірлескен жұмысыңыз үшін рақмет...	□□ □□□□/□□
Құттықтаулармен қоштасу	Құттықтаймын! Мереке құтты болсын! Барлықтарыңызды құттықтаймын!	□□□...□□□□□ □□□ □□□□□□□□□□ □□...□□□□□
Хабарламамен қоштасу		□□□□□

Қытай студенттері мәдени бейімделуде қиындықтарға тап болады. Олар үшін тіл мен мінез-құлық стереотиптерін өзгерту күрделі мәселе. Қытай мәдениетінде форма мен «бет» ұғымы аса маңызды рөл атқарады. Қарым-қатынас ережелері мінез-құлықты анықтайды. Іскерлік қатынаста сыйлықтармен алмасу — жеке сенім орнатудың бір бөлігі. Қытай мәдениеті — ұжымшыл, үлкендерге құрметпен қарайды, ата-бабаға табынады. «Мен» емес, «біз» ұстанымы басым. Қытай студенттеріне дәстүрлі этиканы және басқа елдердің іскерлік нормаларын үйрету — мәдениетаралық құзыреттілік пен төзімділікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы іскери қатынастардың маңызы арта түсуде. Осыған байланысты іскери коммуникациядағы этикалық нормалар мен мәдени айырмашылықтарды зерттеу өзекті болып табылады. Қазақ және қытай мәдениеттері тарихи, әлеуметтік және тілдік жағынан әртүрлі болғанымен, іскери қарым-қатынаста бір-бірінен үйренері көп.

Іскери коммуникация және этика ұғымы.

«Іскери коммуникация — бұл кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы ақпарат алмасу процесі. Ал этика — адамның мінез-құлқы мен әрекеттеріне бағыт беретін моральдық қағидалар жүйесі. Іскери коммуникациядағы этика, әсіресе көпмәдениетті ортада, өзара сыйластық пен сенімге негізделген байланыс орнату үшін маңызды» (Ким, 2018, 16).

Қазақ іскери мәдениетіндегі этикалық стандарттар. «Қазақ мәдениеті дәстүрге, үлкенді сыйлауға және адами қарым-қатынастарға ерекше мән береді. Іскери қарым-қатынаста жеке таныстық пен сенімділік алдыңғы орынға шығады. Мысалы, іскерлік кездесулер бейресми ортада — дастарқан басында жиі өтеді. Бұл — серіктестер арасындағы сенімді нығайту әдісі» (Мусабекова, 2021, 4).

Қазақ қоғамында тіл мәдениеті — іскери этиканың маңызды бөлігі. Қарым-қатынаста сыпайы тіл қолданылады, мысалы: «Мүмкін болса, қарастырып көрсеніз», «Кешіріңіз, бірақ...» деген тіркестер жиі кездеседі.

Қытай іскерлік коммуникациясының этикалық негіздері. «Қытайда іскерлік қарым-қатынаста Конфуций іліміне негізделген иерархия, ұжымшылдық және «бет сақтаудың» (面子 — miànzi) маңызы зор. Жоғары лауазымды тұлғаларға құрмет көрсету, тікелей

қарсылық білдірмеу — негізгі этикалық нормалар» (Zhang, 2017, 17).

Қытайлықтар іскерлік кездесуде сыпайылық танытып, келіссөздер кезінде көбіне жанама сөйлеуді жөн көреді. Олар үшін келісімге келу — тек ресми шарт емес, ұзақ мерзімді қарым-қатынастың бастамасы.

Кесте 2. Салыстырмалы талдау

Этикалық аспект	Қазақ мәдениеті	Қытай мәдениеті
Тіл сыпайылығы	Жеке қатынас, «Сіз» формасы	Жанама сөйлеу, тура айтпау
Иерархия	Жасы үлкенге құрмет	Қатаң иерархия, беделге мән беру
Сенім қалыптастыру	Дастарқан басындағы бейресми байланыс	Көп сатылы келіссөздер
«Бет» сақтау	Тікелей сөйлесу қалыпты	Бетке тік қарамау, тікелей сынамау

Екі мәдениетте де сыпайылық пен өзара құрмет маңызды болғанымен, олар әртүрлі тәсілдермен жүзеге асады.

Мәдениетаралық іскерлік қарым-қатынас — әртүрлі мәдени өкілдердің мінез-құлқын түсініп, өзгеше стильдерді қабылдау қабілеті. Ол тұлғааралық диалог пен кәсіби өзін-өзі анықтауда маңызды рөл атқарады. Қазақстан батыс пен шығыс мәдениетінің арасында орналасқан, бұл мәдениетаралық қарым-қатынасты жеңілдетеді. Алайда, әрбір мәдениеттің өзіндік іскерлік стереотиптері бар (жеке бастама, дәлдік, міндеттілік т.б.). Қытай іскерлік тіліне келесідей белгілер тән [2; 57]:

- пассив құрылымдар мен күрделі бағыныңқы сөйлемдер (мысалы, «□□□□□□□□»);
- толық грамматикалық формалар (□□, □□□ т.б.);
- нақты терминология: □□□□, □□□□;
- эвфемизмдер: «□□» орнына «□□»;
- фразалық етістіктерді қолданбау;
- жанама сұрақтар: «□□□□□□□□□□□□□□»;
- формальды амандасу, қоштасу, алғыс, мақтау үлгілері.

Қазақ мәдениетінде іскерлік қарым-қатынастың құрылымы үш блокқа бөлінеді. Алғашқы блок – танысу, сәлемдесу, құттықтау, серіктеске жылы шырай білдіру. Қазақ тілінде сәлемдесу отбасылық жағдайды сұраумен ерекшеленеді: «Қалыңыз қалай?», «Ісіңіз оңды ма?» және т.б. Бұл сенім орнатудың бір амалы. Қытайда ресми жүгіну, мысалы, лауазым немесе фамилиямен, міндетті түрде қолданылады. Жеке қарым-қатынаста тіпті «□□□» (қымбаттым) сияқты сөздер естілуі мүмкін [3; 5].

Екінші блок – келіссөздер, жұмыс сұхбаттары мен презентациялар. Мұнда дәлел келтіру тәсілдері маңызды. Қытай мәдениетінде саяси астары бар немесе ұлттық сипаттағы тұспалдардан аулақ болу керек, ал денсаулыққа қатысты уәждер жақсы қабылданады. Қазақстандықтар болса, іскерлік пен жеке араласуды оңай үйлестіреді, бастаманы өз қолына алуға бейім. Қазақтар үшін отбасы түсінігі — келіссөз стилінің негізі. Адалдық пен жауапкершілік маңызды орын алады.

Үшінші блок – даулы және келіспеушілік туындайтын жағдайлар. Қытайлықтар қақтығыссыз, үйлесімді коммуникацияны қалайды. Делегация басшысы шешуші тұлға болып табылады, ал ішкі иерархия қатал сақталады. Қарым-қатынаста жанжал туғызатын саяси немесе жеке мәселелерді қозғауға болмайды. Қайшылықтар туындаған жағдайда, кешірім сұрау мен бейтарап шешім іздеу – негізгі жол.

Қазіргі таңда жаһандану мен елдер арасындағы тығыз іскерлік байланыстар мәдениетаралық түсініспеушіліктерге әкеліп, келіссөздер сәтсіздігіне себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тек тілдік емес, вербалды емес қарым-қатынас ерекшеліктерін де ескеру маңызды. Қытай бизнес-коммуникациясында «Сіз» деп емес, компания атынан жүгіну қалыпты («公司» – құрметті компания) [4; 12]. XX ғасырдың 80–90 жылдарынан бастау алған келіссөздер тактикасы әлі де қолданылады: мәселені қайталап көтеру арқылы уақытты созу немесе қарсы тарапты шаршататын талаптар қою. Бұл келіссөзді өздеріне тиімді арнаға бұруға мүмкіндік береді.

Қытайлықтар үшін жеке қатынас маңызды: келіссөзге дейін де бейресми байланыс орнатуға тырысады, мысалы, банкеттер мен мәдени шаралар арқылы серіктестің ниетін зерттейді. Сонымен қатар, олар ұзақмерзімді пайдаға басымдық береді, келіссөздер апталарға созылуы мүмкін. Конфуций ілімінің әсерінен тікелей бас тарту сирек қолданылады, оның орнына жанама жауаптар беріледі («ойланамыз», «белгісіз» және т.б.). Қытайлықтар сыпайылықты жоғары бағалап, қарапайымдылықты іскерлік қатынаста міндетті деп санайды.

Қытайда жоғары және орта буын менеджерлерінің 88%-ы 成語 (chéngyǔ) қолдануды келіссөздерде сенімділік факторы деп санайды, ал 67%-ы шетелдік серіктестермен кездесу алдында идиомаларды белсенді пайдаланады. 54%-ы дәстүрлі сөз тіркестері арқылы сыннан және бас тартудан қашуға болатынын мойындайды.

Қоштасу мен ынтымақтастықты аяқтау кезінде жағымды тілектер айтылады. Бұл — серіктестік қарым-қатынасты жалғастыруға әсер ететін коммуникативтік ритуал. Мәдени ерекшеліктерді ескеру іскерлік серіктестің ниетін дұрыс түсіндіруге көмектеседі.

Азиялық модельде сәтті іскерлік байланыс жеке қарым-қатынас пен өзара міндеттемелерге (сіз маған – мен сізге) сүйенеді. Қазақ дәстүрінде сыйлық беру болашақ ынтымақтастықтың белгісі. Алайда Қытайда бұл пара ретінде қабылдануы мүмкін,

сондықтан ондай әрекеттен бас тартылады. Қытайдағы іскерлік этика — қатаң және шектеулі.

Вербалды емес қатынас, әсіресе мимика, маңызды рөл атқарады. Мысалы, қытайлықтар үшін күлімсіреу достық белгісі болса, қазақ мәдениетінде ол байсалдылықтың жоқтығын немесе жағымпаздықты білдіруі мүмкін. Бұл айырмашылықтар түсініспеушілікке әкелуі ықтимал.

Келіспеушілік пен сын білдіру тәсілдері де әртүрлі: қытайлықтар тұспалдап, жұмсартып жеткізеді, ал қазақтар ашық айтады. Бұл, мысалы, қытайлық «жоқ» демеуі қазақтар тарапынан келісім ретінде қабылдануы мүмкін. Кері байланыста да айырмашылық бар: қазақтар нақты сын күтсе, қытайлар жалпы пікірмен шектелуі мүмкін.

Жанжалдарды басқаруда қазақтар тікелей шешуге тырысады, ал қытайлар үйлесімділікті сақтап, делдал арқылы шешуді қалайды. Мұндай айырмашылықтар екі жақ арасында шиеленіс тудыруы мүмкін [5; 28].

Мәдениетаралық қиындықтарды болдырмау үшін төмендегідей шаралар қажет [6; 18]:

- Оқыту: қызметкерлерге мәдениетаралық тренингтер өткізу.
- Тілдік қолдау: аудармашылар мен делдалдарды тарту.
- Бейімделу: келіссөздерге икемді тәсіл қолдану, өзара сыйластық орнату.

Ауызша қарым-қатынас деңгейіндегі мәдениетаралық өзара іс-қимыл басқа халықтар жайлы білімді арттырып, мәдени ақпараттың интеграциялануына ықпал етеді. Іскерлік дискурс – белгілі бір қоғамда қабылданған сөйлеу әрекеттері жүйесі. Әрбір мәдениетте іскерлік дискурстың өзіндік ерекшеліктері бар. Е.Н. Малюга атап өткендей, бір мәдениеттегі бейтарап символ басқа мәдениетте теріс қабылдануы мүмкін [7; 117]. Мысалы, АҚШ-та аяқтарды үстелге қою қалыпты жағдай, ал Қазақстанда бұл – сыйламаушылықтың белгісі.

Мәдени контекст – қарым-қатынастың құрылымына әсер ететін маңызды фактор. Қарым-қатынас тек тіл білумен шектелмейді, ол ұлттық мінез-құлық пен этикеттік нормаларды түсінуді де қамтиды. Қазақ және қытай мәдениеттерінде тілдік қателіктерді этикеттік қателік ретінде қабылдау жиі кездеседі. Сондықтан іскерлік қарым-қатынас кезінде тілді ғана емес, мәдениет пен мінез-құлықты да ескеру қажет.

Қазақстанның Қытаймен экономикалық қарым-қатынасы өсіп келеді, сондықтан қытайлық іскерлік этикетті меңгеру өзекті. Іскерлік этикет – келіссөз стилі мен қатынас тәсілдерін реттейтін нормалар жиынтығы. Бизнес-коммуникация саласында британ маманы Р. Льюис мәдениеттерді үшке бөлді:

- Моноактивті – тапсырмаға бағытталған (Германия, АҚШ).
- Полиактивті – қарым-қатынасқа бағытталған (Италия, ТМД).
- Реактивті – тыңдауға және құрметке негізделген (Қытай, Жапония, Қазақстан) [9; 43].

Қазақстан – Еуропа мен Азия мәдениеттерін біріктіретін ел. Қазақ мәдениетінде қонақжайлылық, дәстүрді құрметтеу және үлкенге сыйластық – іскерлік қарым-қатынасқа тікелей ықпал етеді. Мысалы, іскерлік кездесулерде жасы үлкенді алдымен қарсы алу – әдептіліктің белгісі.

Қытай халқы — бөлшектерге ерекше мән беретін ұлт. Олар серіктестің тек сөзіне емес, әрекетіне де назар аударады. Қоғам алдында сөйлегенде (мейлі ол 500 адам қатысқан саммит болсын немесе шағын кездесу) қарсы тарап өзін жайсыз, қорланған сезінбеуі үшін сыпайылық пен такт сақтау өте маңызды.

Келіссөздерде ұлттық стиль шешуші рөл атқарады. Мәдениеттердің қабылдауы, эмоция білдіруі, уақытқа көзқарасы, сәлемдесу мен формальдылық деңгейі түрлі болады. Осы факторларды ескермеу – келіссөздің сәтсіз өтуіне әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, Қытай мен Қазақстан арасындағы іскери қарым-қатынас тиімділігі – олардың мәдениетаралық ерекшеліктерін, іскерлік этикетті және лингвистикалық нормаларды терең түсінуге байланысты. Іскери коммуникацияда мәдениет пен этикалық нормалар шешуші рөл атқарады. Қазақ пен қытай іскери мәдениетіндегі айырмашылықтарды білу — тек аударма мәселесі ғана емес, стратегиялық серіктестік орнатудағы маңызды фактор. Болашақта екі халық арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды нығайту үшін мәдениетаралық этикалық сауаттылық қажет. Мұндай ерекшеліктерді ескеру халықаралық қатынаста табыстың кілті болып табылады.

Ұсынымдар:

1. Мәдениетаралық воркшоптар өткізу – іскерлік этикетті, дәстүрді түсінуге бағытталған тренингтер;
2. Мәдени алмасуға қатысу – серіктес елдің мәдениетін тереңірек түсіну;
3. Бірлескен мәдениетаралық нұсқаулықтар әзірлеу – нақты жағдайлар мен ережелер жинағын құру;
4. Икемді коммуникациялық стратегияларды енгізу – әртүрлі мәдениетке бейімделе алатын тәсілдерді қолдану;
5. Мәдениетаралық нюанстар туралы хабардарлықты арттыру – тарихи, экономикалық, әлеуметтік факторларды түсіну.

Осы ұсынымдарды басшылыққа ала отырып, қазақстандық және қытайлық

серіктестер өзара сенім мен тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік алады. Бұл — жаһандану жағдайында бәсекелестік артықшылықтардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Zhang, Y. (2017). *Business Communication in China: Culture, Strategy and Practice*. Beijing: Tsinghua University Press.
2. Ким, А. (2018). «Мәдениетаралық іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктері». *Қоғам және Дәуір*, №2, 55–61 бет.
3. Мусабеева, С. (2021). *Қазақ іскерлік мәдениеті және этикасы*. Алматы: Қазақ университеті.
4. Хуанг, Ж. (2019). «Қытай іскерлік мәдениетіндегі этика ұғымы». *Asian Business Ethics Journal*, Vol. 12, №4.
5. Назарбаева, Д. (2020). «Іскери коммуникациядағы тілдік сыпайылық: қазақ дәстүрі». *Қазақ тілі мен мәдениеті*, №3, 27–33 бет.
6. Hofstede, G. (2010). *Cultures and Organizations: Software of the Mind*. New York: McGraw-Hill.
7. Лю, В. (2022). «Қытай-қазақ бизнес байланыстары және мәдени факторлар». *Eurasian Business Review*, №6, 112–118 бет.
8. Сайлаубай, Р. (2023). «Этикалық нормалар және тілдік көрінісі». *Филология мәселелері*, №1, 43–49 бет.
9. Brown, P., & Levinson, S. (1987). *Politeness: Some Universals in Language Usage*. Cambridge: Cambridge University Press.
10. Құлымбетова, А. (2024). «Іскери келіссөз жүргізу мәдениеті: тәжірибе және болашағы». *Халықаралық қатынастар*, №2, 89–95 бет.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.